- 04 Жұқа табақ, 35-бетті қараңыз.** Жұқа табақ тағамды микротолқынмен немесе гриль аралас пісіру режимдерімен пісіргенде жақсылап қызарту үшін пайдаланылады. Кондитер өнімдері мен пиццаны қытырлық етіп пісіруге көмектеседі.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Микротолқынды пешті айналмалы шығырық пен бұрылмалы табақсыз **ІСКЕ ҚОСПАҢЫЗ**.

Бұрылмалы табақ



Пештің ішіндегі орам материалдарының барлығын алыңыз. Айналмалы шығырық пен бұрылмалы табақты орнатыңыз. Бұрылмалы табақтың еркін айнала алатындығына көз жеткізіңіз.

Күтім көрсету

Тазалау


Пештің ішіне немесе үстіне қоқыс жиналып қалмау үшін мезгіл-мезгіл тазалаңыз. Сонымен қатар, есікке, есіктің тығыздағышына және бұрылмалы табаққа және айналмалы шығырыққа (қолданылатын үлгілерге ғана қатысты) аса назар аударыңыз.

Егер есік оңай ашылып немесе жабылмаса, әуелі есіктің тығыздағыштарына қоқыс тұрып қалмағанын тексеріңіз. Пештің ішкі және сыртқы беттерін тазалау үшін жұмсақ шүберек пен сабынды суды пайдаланыңыз. Шайыңыз да, мұқият құрғатыңыз.

Пештің ішіндегі иістенген, қатып қалған қоқыстарды тазалау үшін

1. Пеш бос тұрған кезде, бұрылмалы табақтың ортасына кесеге ерітілген лимон шырынын қойыңыз.
2. Пешті ең жоғары қуат деңгейіне қойып 10 минут қыздырыңыз.
3. Цикл аяқталғаннан кейін пеш салқындағанша күтіңіз. Содан кейін, есікті ашып, тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

Ішкі тербелмелі қыздырғышы бар үлгілерді тазалау үшін



Пісіру бөлігінің үстіңгі тұсын тазалау үшін үстіңгі қыздырғыш элементті көрсетілгендей 45° градусқа (A) төмендетіңіз. Бұл үстіңгі жақты тазалауға көмектеседі. Болған кезде, үстіңгі қыздырғыш элементті орнына қойыңыз.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Есік пен есіктің тығыздағыштарын таза ұстаңыз және есіктің оңай ашылып жабылатынына көз жеткізіңіз. Әйтпесе, пештің қолданыс мерзімі қысқаруы мүмкін.
- Пештің саңылауларына су шашыратпау үшін абай болыңыз.
- Тазалау үшін жеміргіш немесе химиялық заттарды пайдаланбаңыз.
- Пешті әр қолданып болған сайын пеш салқындағанша күтіп, жұмсақ жуғыш затты пайдаланып тағам пісіретін бөлікті тазалаңыз.

Ауыстыру (жөндеу)

⚠ ЕСКЕРТУ

Бұл пештің ішінде пайдаланушы ағытып алуға болатын ешбір бөлшек жоқ. Пешті өзіңіз жөндеуге немесе бөлшектерін ауыстыруға әрекеттенбеңіз.


- Топсаларға, тығыздағышқа, және/немесе есікке қатысты мәселе туындаса, білікті техникке немесе жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласып, техникалық көмек алыңыз.
- Егер жарықтама шамын ауыстырғыңыз келсе, жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз. Өзіңіз ауыстырмаңыз.
- Егер пештің сыртқы корпусына қатысты мәселе туындаса, әуелі қуат сымын қуат көзінен ағытып, содан кейін жергілікті Samsung қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

Ұзақ уақыт пайдаланбаған кезде күтім көрсету

Егер пешті ұзақ уақыт пайдаланбасаңыз, қуат сымын ағытып, пешті құрғақ, шаңы жоқ жерге қойыңыз. Пештің ішіне жиналып қалатын ылғал және шаң пештің жұмысына әсер етуі мүмкін.


Пештің функциялары

Пеш



- | | | |
|---------------------|-------------------------|---|
| 01 Есік бекітпелері | 02 Желдеткіш саңылаулар | 03 Қыздырғыш элемент |
| 04 Шам | 05 Есік | 06 Бұрылмалы табақ |
| 07 Жалғастырғыш | 08 Айналмалы шығырық | 09 Қауіпсіздік бекітпесінің саңылаулары |
| 10 Басқару панелі | | |

Басқару панелі



- | | |
|---|---|
| 01 Сенсорное приготовление (Сенсормен пісіру) | 02 Русская кухня (Орыс дәстүрімен пісіру) |
| 03 Быстрая разморозка (Жылдам жібіту) | 04 Поддержание тепла (Жылы ұстау) |
| 05 СВЧ (Микротолқын) | 06 Гриль |
| 07 СВЧ+Гриль (Аралас) | 08 +30СЕК Гриль (Гриль+30с) |
| 09 Төмен | 10 Жоғары |
| 11 Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы) | 12 Часы (Сағат) |
| 13 СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ) | 14 СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) |



Пешті іске пайдалану


Микротолқынды пеш қалай жұмыс жасайды

Микротолқындар - жоғары жиіліктегі электромагниттік толқындар; бөлінген қуат тағамның түрі мен пішімін өзгертпей пісіруге немесе қыздыруға мүмкіндік береді.

Микротолқынды төмендегі әрекеттер үшін қолдануға болады:

- Жібiту
- Алдын ала қыздыру
- Пісіру

Пісіру принципі.



1. Магнетронды түтіктен шыққан микротолқын, бұрылмалы табақтың үстінде айналып тұрған тағамға біркелкі таралады. Сондықтан да, тағам біркелкі піседі.
2. Микротолқындар тағамның түбіне дейін, шамамен 1 дюймге (2,5 см) дейін сіңеді. Содан кейін қызу тағамның ішінде тарала бастайды да, тағам пісе түседі.
3. Пісіру уақыты қолданылған ыдыс пен тағамның сапасына қарай әртүрлі болады.
 - Мөлшері және тығыздығы
 - Судың мөлшері
 - Бастапқы температурасы (тоңазытқышта болды ма, жоқ па)

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Қызу таралған кезде тағамның ортасы піседі де, тағам пештен алынғаннан кейін де пісе береді. Рецептiде және осы кітапшадa көрсетiлген тағамды қоя тұру уақытын, келесiнi орындау үшiн сақтау керек:

- Тағам шетiнен ортасына дейiн бiркелкi піседi.
- Тағамның бәр жерiндегi температура бiрдей.


Пештің дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексеру

Келесі қарапайым әрекетті орындау арқылы пештің әрқашан дұрыс жұмыс жасап тұрғанын тексере аласыз. Егер күмәндансаңыз, **Ақаулық себептерін анықтау**-бетіндегі "50" деп аталатын бөлімді қараңыз.

📖 ЕСКЕРТПЕ

Пештің ашасы сәйкес келетін розеткаға жалғанып тұруға тиіс. Бұрылмалы табақ пештің ішіндегі орнында тұруға тиіс. Ең үлкен мәннен (100 % - 850 Вт) басқа қуат мәні қолданылса, суды қайнатуға көбірек уақыт кетеді.

Пештің есігін ашыңыз. Бұрылмалы табаққа бір кесе су қойыңыз. Есікті жабыңыз.



Уақытты 4 немесе 5 минутқа **Жоғары** немесе **Төмен** түймелерін қажетінші бірнеше рет басу арқылы орнатыңыз. Пеш суды 4 немесе 5 минут қыздырады. Содан кейін су қайнауға тиіс.




Пісіру/Қыздыру


Төменде тағамды қалай пісіруге немесе қыздыруға болатындығы туралы айтылған.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

- Пешті қараусыз қалдырардың алдында ӘРҚАШАН пісіру параметрлерін тексеріңіз.
- Макс. **СВЧ (Микротолқын)** уақыты 99 минутқа тең.

Есікті ашыңыз. Тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Есікті жабыңыз. Бос тұрған микротолқынды пешті ешқашан қоспаңыз.



1. **СВЧ (Микротолқын)** түймесін басыңыз. 850 Вт (ең үлкен пісіру қуаты) индикаторы көрсетіледі:
 (Микротолқын режимі)



2. Қажетті қуат деңгейін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басып таңдаңыз. (Қуат мәні кестесін қараңыз). Содан кейін **Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы)** түймесін басыңыз.



3. Пісіру уақытын **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басып орнатыңыз. Пісіру уақыты көрсетіледі.
4. **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймесігін басыңыз. Пештің шамы жанады да, бұрылмалы табақ айнала бастайды. Тағам пісіп болғаннан кейін қайтадан пісіріле бастайды.
 - 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Уақытты орнату


Қуат берілген кезде, дисплейде “88:88”, содан кейін “12:00” автоматты түрде көрінеді.

Ағымдық уақытты орнатыңыз. Уақытты 24-сағат немесе 12-сағаттық режим бойынша көрсетуге болады. Сағатты келесі жағдайларда орнату керек:

- Микротолқынды пешті алғаш орнатқанда
- Электр қуаты өшіп қалғанда

📖 ЕСКЕРТПЕ


Жазғы және қысқы уақыттарды ауыстырған кезде сағатты қайта орнатуды ұмытпаңыз.



1. **Часы (Сағат)** түймесігін басыңыз.



2. **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басып, 24-сағаттық немесе 12-сағаттық режимді орнатыңыз. Содан кейін **Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы)** түймесін басыңыз.



3. Сағатты орнату үшін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басыңыз. Содан кейін **Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы)** түймесін басыңыз.
4. Минутты орнату үшін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесігін басыңыз.
5. Дұрыс уақыт көрсетілген кезде, сағат жұмыс істей бастау үшін **Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы)** түймесін басыңыз. Микротолқынды пешті қолданбаған кезде, уақыт әрқашан көрсетіліп тұрады.

Пешті іске пайдалану

Қуат деңгейлері және уақыт өзгерістері

Қуат функциясы бөлінетін қуаттың мөлшері мен тағам пісіруге немесе қыздыруға қажетті уақытты, тағамның түрі мен мөлшеріне қарай бейімдеуге мүмкіндік береді. Алты қуат деңгейінен қажетін таңдай аласыз.

Қуат мәні	Пайыз	Шығысы
ЖОҒАРЫ	100 %	850 Вт
ОРТАША ЖОҒАРЫ	71 %	600 Вт
ОРТАША	53 %	450 Вт
ОРТАШАДАН ТӨМЕН	35 %	300 Вт
ЖІБІТУ	21 %	180 Вт
ТӨМЕН	12 %	100 Вт

Рецептілерде және осы кітапшада көрсетілген пісіру уақыттары, арнайы көрсетілген қуат мәндеріне сай келеді.

Егер мына параметрді таңдасаңыз...	Пісіру уақыты...
Жоғарырақ қуат деңгейі	Азайтылған
Төменірек қуат деңгейі	Көбейтілген

Жылдам бастау




1. Тағамды пеш ішінде қалдырыңыз. Содан кейін **Жоғары** және **Төмен** түймесі арқылы тамақ пісіру уақытын таңдаңыз. Пісіру уақыты көрсетіледі.
2. **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймешігін басыңыз. **СВЧ (Микротолқын)** режимі (850 Вт) басталады. Бұл цикл аяқталған кезде.
 - 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

Пісіру уақытын реттеу

Пісіру уақытын әрбір қосқыңыз келген 30 секунд үшін **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймешігін бір рет басып ұзартуға болады.

Микротолқын, Гриль немесе Аралас режимде **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймесі басылса, пісіру уақыты ұзарады.

- Тағамның қалай пісіп жатқанын көру үшін есікті кез келген уақытта ашып қарауға болады
- Қалған пісіру уақытын көбейтіңіз



1-ші тәсіл

Тағам пісіру барысында пісіру уақытын көбейту үшін **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймесін қосқыңыз келген әр 30 секунд үшін бір рет басыңыз.

- **Мысалы:** Үш минут қосу үшін **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймесін алты рет басыңыз.

2-ші тәсіл

Пісіру уақытын реттеу үшін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басса жеткілікті.

Пісіруді тоқтату

Келесі әрекетті орындау үшін тағам пісіруді кез келген уақытта тоқтатуға болады:

- Тағамды тексеру
- Тағамды аудару немесе араластыру
- Қоя тұру

Тағам пісіруді тоқтату үшін:	Содан кейін...
Уақытша	<ul style="list-style-type: none">• Есікті ашыңыз немесе СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ) түймесін бір рет басыңыз. Пісіру тоқтайды.• Тағам пісіруді жалғастыру үшін есікті қайта жауып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.
Толық	<ul style="list-style-type: none">• СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ) түймесін бір рет басыңыз. Пісіру тоқтайды.• Пісіру параметрлерін біржола тоқтатқыңыз келсе, СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ) түймесігін қайта басыңыз.

Қуатты үнемдеу режимін орнату

Пештің қуатты үнемдеу режимі бар.



- **СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ)** түймесігін басыңыз. Дисплей сөнеді.
- Қуатты үнемдеу режимін сөндіру үшін есікті ашыңыз немесе **СТОП/ЭКО (ТОҚТАТУ/ҮНЕМДІ)** түймесігін басыңыз, сонда дисплейде ағымдық уақыт көрсетіледі. Пеш іске қосуға дайын.

ЕСКЕРТПЕ

Қуатты авт. түрде үнемдеу функциясы

Құрылғы функцияның ортасына келген кезде немесе уақытша тоқтап тұрған кезде ешбір функцияны таңдамасаңыз, функция біржола тоқтайды да, 25 минуттан кейін сағат көрсетіледі.

Есік ашық тұрса пеш шамы 5 минуттан кейін сөнеді.

Сенсормен пісіру функцияларын қолдану


Сенсорное приготовление (Сенсормен пісіру) функциясының алдын ала бағдарламаланған 7 пісіру уақыты бар. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ. **Сенсорное приготовление (Сенсормен пісіру)** санатын **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басу арқылы реттеуге болады.

ЕСКЕРТПЕ

Микротолқынға төзімді сауыттарды ғана қолданыңыз.



1. **Сенсорное приготовление (Сенсормен пісіру)** түймесігін басыңыз.



2. Пісіргіңіз келген тағам түрін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесігін басып таңдаңыз. (Әр түрлі алдын ала орнатылған бағдарламалардың сипаттамасын келесі беттегі кестеден қараңыз).



3. **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймесігін басыңыз.

- Тағам пісе бастайды.
- 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана қолданыңыз.

Пешті іске пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
1	Сусын	150-250 г	Сұйықты (бөлме температурасында) керамика тостаққа немесе кесеге құйыңыз. Бетін жаппай қыздырыңыз. Бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз. Оларды пештің ішіне қоя тұрыңыз. Сусындарды қоя тұрардың алдында және қойып болғаннан кейін араластырыңыз. Кесені пештен алған кезде абай болыңыз (сұйық заттарға қатысты қауіпсіздік нұсқауларын қараңыз). 1-2 минут қоя тұрыңыз.
2	Брокколи	200-500 г	Брокколи тәрізді жас көкөністерді шайып тазалаңыз да, гүлдерін дайындаңыз. Оларды микротолқынға төзімді шыны тостаққа салыңыз да, 30-45 мл су (2-3 ас қасық) су құйыңыз. Тесіктері бар (2-3 см) пластмасса орауышпен жабыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
3	Сәбіз	200-500 г	Сәбіз тәрізді көкөністерді шайып тазалаңыз да, біркелкі дөңгелектеп тураңыз. Оларды микротолқынға төзімді шыны тостаққа салыңыз да, 30-45 мл су (2-3 ас қасық) су құйыңыз. Тесіктері бар (2-3 см) пластмасса орауышпен жабыңыз. 1-2 минут қоя тұрыңыз.
4	Қабығымен пісірілген картоп	200-1000 г	Өрқайсысы 200 г картопты жуып, аршыңыз. Өр картопты бірнеше жерден шанышқымен тесіңіз. Бұрылмалы табаққа айналдыра қойыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
5	Салқын көже	250-500 г	Салқын көжені микротолқынға төзімді шараға құйыңыз. Тесіктері бар (2-3 см) пластмасса орауышпен жабыңыз. 2-3 минут қоя тұрыңыз. Дастарқанға тартар алдында тағамды сапырыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Нұсқаулар
6	Макарон қайнату	100-300 г	Қақпағы бар, үлкен шыны пеш ыдысын қолданыңыз. Қайнаған судан 4 есе құйыңыз, бір шөкім тұз салып, жақсылап араластырыңыз. Бетін жаппай пісіріңіз. Араластырғаннан кейін қоя тұрыңыз, содан кейін суын әбден сорғытыңыз. 1-3 минут қоя тұрыңыз.
7	Мұздатылған дайын тағам	200-600 г	Мұздатылған дайын тағамды бұрылмалы табаққа салыңыз. Мұздатылған дайын тағамның орамын тесіңіз. Пісіріп болғаннан кейін 2-3 минут қоя тұрыңыз. Бұл бағдарлама 3 дайын мұздатылған тағамнан тұратын ас мәзірін (мысалы, соусы бар ет, көкөніс және картоп, күріш, макарон тәрізді қосымша тағам) пісіруге жарайды.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Тағамды алған кезде тұшпапеш қолғабын киіңіз.

Автоматты сенсормен пісіру нұсқаулары

Автоматты сенсор тағамды пісіру барысында бөлінетін газдың мөлшерін автоматты түрде анықтап, тағамды автоматты түрде пісіруге көмектеседі.

- Тағам пісірген кезде әр түрлі газдар бөлінеді. Автоматты сенсор тағамнан шыққан газдың мөлшеріне қарай тиісті пісіру уақыты мен қуат деңгейін анықтайды да, пісіру уақыты мен қуат деңгейін қолдан орнату қажет болмайды.
- Сенсормен пісіру кезінде ыдысты қақпақпен немесе пластик таспамен жапқан кезде, автоматты сенсор ыдыс бұға толғаннан кейін газдың мөлшерін анықтайды. Егер аспаздық үлдірді немесе пластмасса орауышты пайдалансаңыз, ішіне ауа кіру үшін міндетті түрде шетінен саңылау қалдырыңыз немесе бірнеше жерден тесіңіз.
- Пісіру аяқталғанға сәл ғана уақыт қалған кезде пісіру уақытының кері санағы басталады. Осы кезде, егер қажет болса тағамды біркелкі пісіру үшін аударып немесе араластырып қоюға болады.
- Автоматты сенсормен пісіру алдында тағамды шөптермен, дәмдеуіштермен немесе қызартатын тұздықтармен дәмдеуге болады. Тұз немесе қант тәрізді заттар тағам үстінде дақ пайда болуға әкеледі, сондықтан да бұларды пісіріп болғаннан кейін қосу керек екенін ескертеміз.
- Осы функцияны пайдаланып жақсы нәтижеге қол жеткізу үшін, осы кітаптағы кестеде көрсетілген тиісті ыдыстар мен қақпақтарды таңдауға қатысты ұсыныстарды орындаңыз.
- Үнемі микротолқынға төзімді ыдыстарды қақпақтарымен немесе пластик таспамен бірге пайдаланыңыз. Пластик таспаны пайдаланған кезде бу қажетті мөлшерде шығып тұруы үшін бір бұрышын ашып қойыңыз.
- Үнемі ыдыстың өзіне арналған қақпақты ғана пайдаланыңыз. Егер ыдыстың өз қақпағы болмаса, пластик таспаны пайдаланыңыз.
- Ыдыстарды кем дегенде ортасына дейін толтырыңыз.
- Аударыстыру немесе араластыру қажет тағамдарды сенсормен пісіру циклының соңына қарай, бейнебетте кері санақ басталғаннан кейін араластырып немесе аудару керек.



Орыс дәстүрімен пісіру функцияларын қолдану

Русская кухня (Орыс дәстүрімен пісіру) функцияларының алдын ала бағдарламаланған 75 пісіру уақыты бар. Пісіру уақыты немесе қуат мәнін орнатудың қажеті жоқ. Үстелге тарту мөлшерін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесін басып реттеуге болады.

⚠ НАЗАР САЛЫҢЫЗ

Микротолқынға төзімді ыдыстарды ғана қолданыңыз.

Алдымен, тағамды бұрылмалы табақтың ортасына қойыңыз да, есікті жабыңыз.



1. **Русская кухня (Орыс дәстүрімен пісіру)** түймесін басыңыз.

2. Пісіргіңіз келген тағам түрін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесіңізін басып таңдаңыз. Содан кейін **Выбор/Замок от детей (Таңдау/Бала қауіпсіздігі құралы)** түймесін басыңыз.

- 1) Гримльмен куыру
- 2) Орыс дәстүрлі тағамдары мәзірі
- 3) Көже
- 4) Сусындар
- 5) Табақтағы тағам
- 6) Көкөністер/Денді дақылдар
- 7) Құс/Балық еті
- 8) Жұмсарту/Еріту

3. Пісіргіңіз келген тағам түрін **Жоғары** немесе **Төмен** түймесіңізін басып таңдаңыз. (Келесі кестеге қараңыз.)

Пешті іске пайдалану



4. **СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с)** түймешігін басыңыз.
- Тағам таңдалған, алдын ала бағдарламаланған параметр бойынша пісіріледі.
- 1) Пеш 4 рет сигнал береді.
 - 2) Пісіру циклінің соңы сигналы 3 рет естіледі (минутына бір рет).
 - 3) Ағымдық уақыт қайта көрсетіледі.

1. Гримльмен қуыру

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-1	Мұздатылған француз фриі	300 г	Мұздатылған фри картоптарын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-2	Мұздатылған шошқа котлеті	400 г	Мұздатылған шошқа котлетін торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, ыдысты аударыңыз да, жалғастыру үшін СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-3	Мұздатылған тауық нагетстері	300 г	Мұздатылған тауық нагетстерін торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-4	Мұздатылған картоп крокеттері	300 г	Мұздатылған картоп крокеттерін торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-5	Мұздатылған корндогтар	300 г	Мұздатылған корндогтарды торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-6	Мұздатылған балық котлеттері	300 г	Мұздатылған балық котлеттерін торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, ыдысты аударыңыз да, жалғастыру үшін СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-7	Мұздатылған баффало қанаттары	400 г	Мұздатылған баффало қанаттарын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-8	Мұздатылған сыр котлеталары	300 г	Мұздатылған сыр котлеттерін торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-9	Мұздатылған сыр таяқшалары	300 г	Мұздатылған сыр таяқшаларын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-10	Мұздатылған булочкалар	300 г	Мұздатылған булочкалардың бетін аздап майлаңыз. Мұздатылған булочкаларды торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, ыдысты аударыңыз да, жалғастыру үшін СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-11	Мұздатылған ұнға аунатылған ашшяндар	300 г	Мұздатылған ұнға аунатылған ашшяндардың бетін аздап майлаңыз. Мұздатылған ұнға аунатылған ашшяндарды торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Дыбыстық сигнал естілгенде, ыдысты аударыңыз да, жалғастыру үшін СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-12	Мұздатылған пияз шығыршықтары	200 г	Мұздатылған пияз шығыршықтарын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
1-13	Мұздатылған сына төріздес картоптар	300 г	Мұздатылған сына төріздес картоптарды торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-14	Тауық сирақтары	400 г	Мұздатылған тауық сирақтарының бетін аздап майлаңыз. Өз қалауыңыз бойынша дәмдеуіш қосыңыз. Мұздатылған тауық сирақтарын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.
1-15	Тауықтың қанаттары	400 г	Мұздатылған тауық қанаттарының бетін аздап майлаңыз. Өз қалауыңыз бойынша дәмдеуіш қосыңыз. Мұздатылған тауық қанаттарын торлы жұқа табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. Автоматты түрде пісіру бағдарламасын таңдап, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) батырмасын басыңыз. Пісіріп болғаннан кейін, 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Пешті іске пайдалану

2. Орыс дәстүрлі тағамдары мәзірі

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-1	Омлет	200-250 г	3 жұмыртқа, 45 мл қаймақ, 40 г ірімшік, укроп жапырақтары, тұз
		Нұсқаулар	Ірімшікті ірі үккішпен үгіп, укроп жапырақтарын ұсақтап тураңыз. Шараға жұмыртқаны қаймақпен бірге көпіршітіп араластырып, дәмін келтіріп тұз қосыңыз. Жұмыртқа массасын сорпа табағына құйып, үстіне үккіштен өткізілген ірімшік пен туралған укроп жапырақтарын себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2-2	Қалбырдағы бұршақ қосылған шұжық	2 дана	2 шұжық, 150 г қалбырдағы жасыл бұршақ, 20 г сары май, 1 түйір сарымсақ, 1 жасыл пияздың басы
		Нұсқаулар	Жасыл пияздар мен сарымсақты ұсақтап тураңыз. Қалбырдағы бұршақтарды, пияздарды және сарымсақты қалбырға салып араластырыңыз. Шұжықтарды пісіріп жатқанда жарылып кетпеу үшін шанышқымен бірнеше жерінен тесіңіз. Шұжықтарды, пияздары мен сарымсақтары бар бұршақтарды жалпақ табаққа салып, үстіне сары май түйірін қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-3	Кекс	3 дана	150-170 г ұн, 50 г қант, 70-75 мл қаймақ, 20 г сары май, 1 жұмыртқа, ½ шай қасық ашытқы, 100 г кептірілген кинкан немесе мандарин, сезам тұқымдары
		Нұсқаулар	Ұнды қопсытқышпен үлкен шыныға елеңіз, қаймақ, қант және жұмсарған сары майды қосыңыз, бір жұмыртқаны жарып, 1-2 минут жақсылап араластырыңыз. Егер кинкандар тым қатты болса, оларды жұмсарғанша ыстық суда жібітіңіз және кішкентай бөлшектерге кесіңіз. Қамырға кесілген кинкандарды қосып, қайтадан араластырыңыз. Қамырды үштен екіге толтырып, кішкентай қалыптарға салыңыз және сезам дәндерін себіңіз. Қалыптарды үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.
2-4	Лимон қосылған булочкалар	9-10 булочка	150 г ұн, 45 г сары май, 60 г қант, 1 жұмыртқа, 1 лимон, 2 ас қасық ұнтақ қант, 2 ас қасық су
		Нұсқаулар	Ұнды үлкен шыныға елеңіз, сары майды қосыңыз және және қоқым пішіміне келгенше саусақтарыңызбен қоспаны ысықлаңыз. Қант, су, жұмыртқаның ақуызын, лимон қабығын және 1 шай қасық лимон шырынын қосыңыз және қамырды араластырыңыз. Кішкентай булочкаларды алхоры мөлшеріндей етіп жасаңыз және оларды ұнтақ қантқа аунатыңыз. Булочкаларды пергамент қағазға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, булочкаларды шығарыңыз. Жұмыртқаның сарысын жағып, оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-5	Сырник	2 дана	90-100 г үй ірімшігі, 10 г ваниль қанты, 0,5 г тұз, ¼ жұмыртқа, 5-10 г сары май (жағу үшін), 30 г ұн
		<p>Нұсқаулар Сары майдан басқа барлық құраластарды жақсылап араластырыңыз. Екі бөліш жасаңыз. Май жағыңыз. Оларды пергамент қағазға және содан соң үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және бөліштерді аударыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	
2-6	Ірімшіктен жасалған тост	2 тілім	Тост наны – 2 тілім (26-28 г / тілім), ірімшік – 2 тілім (20 г / тілім)
		<p>Нұсқаулар Екі нан тілімін үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және тост тілімдерін аударып, оларға ірімшік тілімін қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	
2-7	Нан қоқымдары қосылған ірімшік	200-250 г	160 г сулугуни ірімшігі, 60 г нан қоқымдары, 1 жұмыртқа
		<p>Нұсқаулар Ірімшікті шетінен 2-2,5 см кішкентай текшелерге кесіңіз. Жұмыртқаны сәл көпіртіп, ірімшік текшелерін осы қоспаға қосыңыз. Ірімшікті нан қоқымдарына аунатын, сол қадамдарды қайталаңыз (ірімшік текшелерін қайтадан жұмыртқа мен нан қоқымдарына аунатыңыз және оларды саусақтарыңызбен тегістеңіз.) Ірімшікті нан қоқымдарымен кең тәрелкеге салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-8	Мәскеу дәстүрімен балық пісіру	500-600 г	Ақ балықтың (көксерке немесе нәлім) 250 г қоң еті, піскен 2 картоп, 4 қозықұйрық, 1 ас қасық өсімдік майы, 60 г ірімшік, 100 г қою қаймақ, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз, бұрыш
		<p>Нұсқаулар Қозықұйрықтарды мұқият жуып, кептіріп, тазалаңыз. Саңырауқұлақтарды кішкене бөліктерге бөліңіз. Балықты кішкентай порцияларға бөліп, оларды тәрелкеге қойыңыз. Тұз және бұрышты себіңіз, саңырауқұлақ тілімдерін қойып, оның үстіне лавр жапырағын салып, көкөніс майын қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Пісірген кезде, ірімшікті ірі үккішпен үгіңіз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балыққа қышқыл қаймақты қосып, оның айналасына пісірілген картоп сақиналарын қойып ірімшіктен себіңіз, бұрышпен дәмдеңіз және пешке салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз.</p>	
2-9	Орыс арқан балығы	1 дана	200-220 г арқан балығының 1 бөлігі, 1 лимон, 1½ ас қасық зәйтүн майы, 1 розмарин өскіні, 2 шөкім ақ бұрыш, 1 шөкім мускат жаңғағы, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Лимон қабықтарын кішкене ыдысқа үгіп, кішкене лимон қышқылын сығып, майға құйыңыз, дәмдеуіштерді қосып, бәрін аларастырыңыз. Соңғы маринадқа балықты жақсылап батырыңыз, оларды жоғарғы торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және арқан балықты аударыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Дайын балықты дәміне қарай лимон шырынына батырыңыз және кішкене тұз қосыңыз.</p>	

Пешті іске пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-10	Қара өрік қосылған тауық сирақтары	300-350 г	2 тауық сирағы, 1 кішкене сәбіз, ½ пияз, 80–90 г сүйексіз қара өрік, 1 шыны сорпа немесе су, 2 жасыл пияздың бастары, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Пияз бен сәбізді жуып тазалаңыз, оларды жіңішке таяқшаларға кесіңіз. Оларды сорпа төрелкесіне салыңыз. Тауық сирақтарына тұзды сеуіп, оларды кесілген көкөністердің үстіне қойыңыз. Үстіне қара өріктерді қойып, сорпаға салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз.</p> <p>СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Тауық сирақтарын аударыңыз және оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Пісіргеннен кейін, тамаққа туралған жасыл пияздарды себіңіз.</p>	
2-11	Қыша соусы қосылған шошқаның мойыны	500-600 г	250 г шошқаның төс еті, 1 сәбіз, 1 пияз, 1 ас қасық ұн, 2 ас қасық дәнді қыша, 100 г қою қышқыл қаймақ, 150 мл аралас сорпа, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
		<p>Нұсқаулар Шошқа етін жуып, құрғатыңыз да, гуляшқа арналғандан етіп шағын кесектерге бөліп тураңыз. Пияз бен сәбізді тазалаңыз, оларды қалың таяқшаларға кесіп, оларды бірге етпен шыныаяққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Етке соусты құйып, араластырыңыз Оларды микротолқынды пешке салыңыз.</p> <p>СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Тұздық дайындаңыз: қышқыл қаймақты қыша, ұн, сорпамен бөлек араластырып алыңыз, дәміне қарай тұз бен бұрышты қосыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-12	Көкөніс қосылған бақтақ	300-400 г	1 кішкене бақтақтың қоң еті, ½ сәбіз (алдын ала пісірілген), 2 райхан сабағы, 1 кішкене пияз, 1 кішкене қызанақ, ½ лимон, 1) ас қасық өсімдік майы, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
		<p>Нұсқаулар Сәбізді жіңішке тілімдерге және пияз бен картопты сақиналап тураңыз. Базилик жапырақтарын бөліп алыңыз. Бақтақ еті н төрелкеге салып, тұз бен бұрыш қосыңыз. Үстіне дайын көкөністі салыңыз (алдымен барлық сәбізді, содан кейін қалған құраластарды кезекпен қабаттап). Майға балықты батырыңыз және оған үккіштен өткізілген лимон қабығын салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	
2-13	Қайнатылған жұмыртқа қосылған ет рулеті	600-650 г	500 г тартылған сиыр еті, 3 бітеу пісірілген жұмыртқа, 2 шөкім ұнтақталған паприка, 1 шөкім ақ бұрыш, 2 шөкім ұнтақталған кориандр, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Тартылған етті терең шыныаяққа салыңыз, барлық дәмдеуіштер мен тұзды қосып, жақсылап араластырыңыз. Тартылған етті қалған кесекті алып шыныаяқ түбіне жайыңыз және түбіне қарай күшпен жайыңыз. Бұл тартылған етті барынша тарату үшін қажет. Тартылған еттен бірдей жіңішке, 15 см диаметрлі бөліш жасаңыз. Әр бөліштің ортасына қатты қайнатылған жұмыртқаны салыңыз. Шеттерлі қырлы ет котлеталарын жасаңыз және оларға паприка себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-14	Голубцы	450-500 г	200 г аралас тартылған ет, 140 г орамжапырақ, 1 пияз, 50 г пісірілген күріш, 1 шыны сорпа, 1 шыны су, 60 г қышқыл қаймақ, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 1 ас қасық ұн, тұз, дәміне қарай қара бұрыш, үстелге тарту үшін жасыл шөптер
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Орамжапырақ пен аршылған пияздарды кішкентай текшелерге тураңыз. Тартылған етке кесілген көкөністер мен пиязды қосыңыз, тұз бен бұрышты қосып, араластырыңыз. Тартылған еттен кішкентай ұзартылған котлеталарды жасаңыз, оларды қалыпқа салып, сорпаға салыңыз. Оларды үстіңгі торға қойып, микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және орамжапырақ орамасын қышқыл қаймақ соусына батырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Үстелге тарту алдында тамаққа туралған жасыл шөптерді себіңіз. Тұздық дайындаңыз: Бөлек шыныаяқта, қышқыл қаймақты сумен және қызанақ езбесімен араластырып, дәміне қарай тұз және бұрышпен дәмдеңіз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-15	Котлеталар	2 дана	250 г тартылған сиыр еті, 100 мл сүт, 2 тілім құрғақ ақ нан, 40 г ірі нан қоқымдары, тұз, дәміне қарай қара бұрыш
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Кепкен нанның қабығын алып, сорпа тәрелкесіне салыңыз, сүтке батырыңыз және жібіту үшін 5-6 қалдырыңыз. Содан соң наннан кез келген артық сұйықтықты сығыңыз. Тартылған сиыр етін сіңген нанмен бірқалыпты консистенцияға дейін араластырыңыз. Тартылған сиыр етін дәміне қарай бұрыш және тұзбен дәмдеңіз. Тартылған сиыр етін мұқият араластырыңыз және 2 минутқа оны тәрелке түбіне жайыңыз. Екі бірдей ұзартылған котлеталарды жасаңыз, әрқайсысын нан қоқымдарына аунатыңыз және қолыңызбен нан қоқымдарын етке батырыңыз. Котлеталарды тәрелкеге қойып, үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	
2-16	Картоп пісірмесі	2 дана	Үлкен картоп (160-200 г) 1-2 дана
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Аршылған картопты су қоспай тайпақ тәрелкеге салыңыз және оны пластик тамақ орауышпен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында, сары май, қышқыл қаймақ, ірімшік немесе басқа дәмдеуішті қосыңыз.</p>	

Пешті іске пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-17	Рататуй	300-350 г	2 кішкене сәбіз, ½ асқабақ, 1 болғар бұрышы, 1 орташа пияз, 1 түйір сарымсақ, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 150 мл көкөніс сорпасы, 2 шөкім құрғақ орегано, дәміне қарай тұз
			<p>Нұсқаулар Көкөністерді жуып, аршыңыз оларды шетінен шамамен 1 см кішкентай текшелерге тураңыз. Сорпаны қызанақ езбесімен араластырып, тұз бен үгілген сарымсақ түйірін қосыңыз. Барлық құраластарды араластырыңыз. Көкөністерді керамика немесе шыны ыдысқа салыңыз. Қызанақ соусына қойыңыз және оны қақпақпен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Пісіргеннен кейін, дайын рататуйды құрғақ ореганомен дәмдеңіз.</p>
2-18	Ескі орыс дәстүрімен пісірілген балық	500-600 г	200 г көксерке немесе нәлім, ½ қызылша, 1 пияз, ½ сәбіз, 100 г қышқыл қаймақ, 1 ас қасық қызанақ езбесі, 1 ас қасық ұн, 180 мл су, дәміне қарай тұз бен қара бұрыш
			<p>Нұсқаулар Пияз, сәбіз бен қызанақты жуып тазалаңыз, оларды орташа мөлшердегі таяқшаларға кесіңіз және араластырыңыз. Дайын көкөністерді шыныаяққа салып, су қосыңыз, тұз және қара бұрыш себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Балықтың сүйегін алып, кішкене порцияларға кесіңіз. Тұздықты шыныаяққа салып, көкөніспен араластырыңыз үстіне балықты салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Тұздық дайындаңыз: Бөлек шыныаяқта, қышқыл қаймақ, қызанақ езбесі мен ұнды араластырыңыз, кішкене тұз бен бұрыш қосыңыз.</p>

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-19	Мұздатылған пицца	350 г	Мұздатылған пицца – 350 г
			<p>Нұсқаулар Мұздатылған пиццаны пергамент төселген астыңғы торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>
2-20	Арқан балық көуабы	300-350 г	300 г ақсерке балығының қоң еті, ½ лимон, 2 ас қасық туралған ақжелкен, 1 ас қасық тазартылған зәйтүн майы, дәміне қарай тұз
			<p>Нұсқаулар Балықты үлкен текшелерге кесіп, шұңғыл шараға салыңыз. Ақжелкенді және лимон шырынын қосыңыз. Дәміне қарай тұзы қосып, араластырыңыз да, 20 минут тұздықтап қойыңыз. Бірнеше балық тілімдерін ағаш істіктерге сұғып, зәйтүн майын жағыңыз. Көуапты кең табаққа салыңыз. Үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге лимон қосып тартыңыз.</p>
2-21	Боярлар еті	200-250 г	250 г шошқаның төс еті, 3 қозықұйрық саңырауқұлақтар, 2 ас қасық майонез, 2 тминь өскіні, тұз, дәміне қарай қара бұрыш
			<p>Нұсқаулар Қозықұйрық саңырауқұлақтарын жуып, қабықтарын алып, жұқа тілімдерге бөліп тураңыз. Шошқа етін жуып, тұз бен бұрышпен ысқылап, табаққа салыңыз. Тминь жапырақтарын себіңіз. Саңырауқұлақтарды еттің үстіне себіңіз. Майонезді саңырауқұлақтардың үстіне сеуіп, қасықпен жаймалаңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-22	Ақсерке қосылған самса	450-500 г	230 г ақсерке қоң еті, 200 г ашытқы қосылған қопсыма қамыр, 1 пияз, 2 жұмыртқа, 3 жасыл пияз бастары, дәміне қарай тұз, бұрыш
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Пияздың басын аршып, кішкене текшелерге бөліп тураңыз. Жасыл пиязды текшелеп тураңыз. 1 жұмыртқаны бітеу пісіріңіз және текшелеп тураңыз. Балықты кішкене текшелерге бөліңіз. Шараға туралған пияздарды, балықты және туралған жұмыртқаны салып, дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз. Қамырды жібітіп, кең тіктөртбұрыш түрінде жайыңыз. Ортасына дайын тұрған толтырманы салыңыз. Толтырманы жабу үшін қамырдың шеттерін көтеріп, содан кейін пісіріп жатқанда сәлі ағып кетпеу үшін өзара түйістіріп жабыңыз. Қамыр жиіктерін түйістірген тұсын астына қаратып қойып, үстіне жұмыртқаның қалғанын себіңіз. Табаққа салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, шығарыңыз және аударыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз.</p>	
2-23	Крупеник	400-500 г	100 г қарақұмық дәндері, 100 үй ірімшігі, 60 г қышқыл қаймақ, 70 г қант, 1 жұмыртқа, 2 қопсыма бисквит, 100 мл су
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Қарақұмықты шараға салып, су қосып, микротолқынды пеште 5 минут 600 ватт қуатпен пісіріңіз. Қопсыма бисквитті қолмен үгітіңіз. Қоқымдардың бір жартысын пісіру қалбырының табанына төсеніңіз. Піскен қарақұмықты, жұмыртқаны, қантты және үй ірімшігін шұңғыл шараға араластырыңыз. Қамырды қалбырға салып, үстіне қалған қоқымдарды себіңіз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге қышқыл қаймақ қосып тартыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-24	Тауық кәуабы	200-250 г	250 г тауық еті, 1 ас қасық майонез, 1 лимон, 2 ас қасық сезам, 2 шөкім үгілген кориандр, 1 түйір сарымсақ
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Етті шетінен 2 см кішкене текшелерге кесіңіз. Тұздық дайындаңыз: майонезді, үгітілген сарымсақты, лимон шырынын және қабығын сорпа төрелкесіне араластырыңыз. Етті тұздыққа салып, 1 сағат салқын жерге қойыңыз. Ет кесектерін ағаш істікке шаншып, үстіне сезам дәндерін себіңіз. Кәуаптар қойылған төрелкені үстіңгі торға қойыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	
2-25	Ет толтырылған болгар бұрышы	200-250 г	3 болгар бұрышы, 150 г аралас тартылған ет, 60 г жартылай піскенше қайнатылған күріш, 1 шыны су, 1½ ас қасық қызанақ езбесі, 1 ас қасық ұн, дәміне қарай тұз, бұрыш
		<p>Нұсқаулар</p> <p>Толтырма дайындау: тартылған етті шараға салып, күрішке араластырып, дәміне қарай тұз бен бұрыш қосыңыз. Болгар бұрышының өзектерін кесіп, дәндерін, қабырықтарын алыңыз. Әр бұрышқа тартылған еттен салып, тиісінше нығыздаңыз. Бұрыштарды шұңғыл шараға салып, қапағын жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз және бұрыштың үстіне тұздықты құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Тұздық дайындаңыз: Ұнды қызанақ езбесіне және суға араластырып, дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз.</p>	

Пешті іске пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
2-26	Қызанақ езбесі қосылған котлета	300-350 г	220 г аралас тартылған ет, ақ нанның 2 тілімі, 1 жұмыртқа, 100 мл сүт, 1 орташа сәбіз, ½ пияз, 1 ас қасық қызанақ езбесі, 1 шыны кез келген сорпа, дәміне қарай тұз, бұрыш
		<p>Нұсқаулар Қыртысы жоқ нанды сүтке батырып, шамалы сығыңыз. Сәбіз пен пияздың қабығын аршып, таяқша тәрізді етіп кесіп, шұңғыл шараға салыңыз, Тартылған ет пен жібіген нанды, жұмыртқаны араластырыңыз. Дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз. Кішкене домалақ котлета жасаңыз. Қызанақ езбесін сорпаға араластырып, шамалы тұз қосыңыз. Котлеталарды көкөністер қосылған шараға салып, үстіне тұздық құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал бергенде, оларды шығарыңыз. Етті аударыңыз және оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін қайтадан басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	
2-27	Көкөніс қосып бұға пісірілген күркетауық	400-450 г	200 г күркетауық қоң еті, ½ сәбіз, ½ кішкене кәді, ½ пияз, 250 мл сорпа, дәміне қарай бұрыш, тұз
		<p>Нұсқаулар Көкөністерді жуып, кәдіні дөңгелек етіп турап, сәбіз бен пиязды орташа көлемде тураңыз. Көкөністерді шұңғыл шараға салып, үстіне туралған күркетауық еттерін салып, сорпаны құйыңыз. Дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	

3. Көже

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-1	Ботқа	250-300 г	40 г бидай ұлпалары, 250 мл сүт, 40 г сары май, 2 ас қасық қант, 2 қопсыма бисквит, қарақат немесе таңқурай
		<p>Нұсқаулар Бидай ұлпаларын шұңғыл шараға салып, қант қосыңыз. Суық сүт қосыңыз және араластырыңыз. Қақпақ жабыңыз. Микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Пісіру барысында қопсыма бисквитті үгітіңіз. Пісіріп болғаннан кейін ботқаға сары май салыңыз. Ботқаны бисквит қоқымдарын салып, жидектермен безендіріп үстелге тартыңыз.</p>	
3-2	Солянка	500-600 г	150 г қақталған ет, 1 кішкене шұжық, 1 тұздықталған кішкене көкөніс, 1 орташа пияз, 50 г зәйтүн, 1–1½ ас қасық каперс, тұздығымен бірге, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 250–300 мл кез келген сорпа
		<p>Нұсқаулар Қақталған етті кішкене тілімдерге кесіп, шұжықтарды жұқа шығырық тәрізді, пияздарды жарты шығырық тәрізді кесіңіз. Сорпаны керамика немесе шыны шараға құйып, қызанақ езбесі мен туралған пияздарды қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал естілген кезде алыңыз да, шұжықтарды және қақталған етті салыңыз. Жіңішкелеп туралған тұздықты көкөністі, зәйтүндерді және каперстерді қосып, бәрін араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-3	Борщ	900-1000 г	750 мл ет сорпасы, 150 г ақ орамжапырақ, ½ орташа пияз, ½ орташа қызылша, ½ орташа сәбіз, 2-3 сарымсақ түйірі, 2 ас қасық қызанақ езбесі, 2-3 ас қасық туралған жасыл пияз, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай қара бұрыш және тұз, үстелге қышқыл қаймақ қосып тарту керек
		<p>Нұсқаулар Орамжапырақты, сәбізді және пиязды жуып, қабығын аршыңыз. Жұқа таяқша тәрізді кесіңіз. Барлық көкөністерді үлкен шыны шараға салып, қайнап тұрған сорпаға қосыңыз. Тұз, бұрыш, лавр жапырағы және қызанақ езбесін сорпаға қосып, араластырыңыз. Қақпақ немесе тағамға арналған пластик ораммен жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Туралған жасыл шөптерді және сарымсақты дайын сорпаға қосып, бірнеше минут қақпағын жауып бұқтыра тұрыңыз.</p>	
3-4	Тауық етінен жасалған көже	700-800 г	1 тауық филесі, ½ сәбіз, ½ пияз, 40 г макарон, 4 ақжелкен өскіні, 500 мл тауық сорпасы, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Тауық филесін жуып кептіріп, кішкене етіп тураңыз. Тауық еттерін шұңғыл шараға салып, сорпаға қосыңыз. Сорпаға макарон қосып араластырыңыз. Сәбіздің қабығын аршып, жұқа тілімдерге бөліп тураңыз. Сорпасы бар шараға салып, тұз, туралған жасыл шөптерден қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-5	Щи	900-1000 г	150 г ақ орамжапырақ, ½ сәбіз, 1 пияз, 3 кішкене картоп, 1½ ас қасық қызанақ езбесі, 750 мл сиыр не тауық етінің сорпасы, 1 лавр жапырағы, дәміне қарай тұз және қара бұрыш
			<p>Нұсқаулар Көкөністерді жуып, тураңыз: орамжапырақты және сәбіздерді таяқша түрінде, картоптарды жұқа тілімдеп тураңыз. Көкөністерді шұңғыл шараға салып, сорпаға қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал естілген кезде шығарып алып, сорпаға қызанақ езбесін, лавр жапырағын қосыңыз. Дәміне қарай тұз, бұрыш қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>
3-6	Көкөніс сорпасы	650-700 г	150 г мұздатылған көкөніс қоспасы, 500 мл көкөніс немесе тауық сорпасы, 1 түйір сарымсақ, ½ орташа қызылша, 2 жасыл пияздың басы, дәміне қарай тұз, қара бұрыш
			<p>Нұсқаулар Көкөністерді шұңғыл шараға салып, туралған сарымсақты қосып, сорпаға қосыңыз. Тұз бен бұрыштан қосыңыз, жасыл дәмдеуіш шөптерді себіңіз. Қақпақ жауып пісіріңіз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Қара нан сухариктерімен үстелге тартыңыз.</p>

Пешті іске пайдалану

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
3-7	Кәріс рамён кеспесі	1 орам	Кәріс рамён кеспесі - 1 орам, су (бөлме температурасында) – 550 мл
		<p>Нұсқаулар Орамдағы кеспелерді алып, барлық құрамдасымен (550 мл) шарадағы суға салыңыз. Мұқият араластырыңыз. Пластик тағам орамымен жауып, оған бірнеше тесік салыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	
3-8	Тұшпарасы бар сорпа	300-400 г	220 г дайын тұшпара, 1 шыны сорпа, 1 түйір сарымсақ, 1 лавр жапырағы, 2 укроп өскіні, 2 жасыл пияздың бастары, бүтін қалампыр, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Сорпаны шұңғыл шараға құйыңыз. Лавтр жапырақтарын, бірнеше қалампыр дәндерін, тұз бен туралған сарымсақты қосыңыз. Тұшпараларды салып, қақтағын жабыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Жасыл шөптерді тураңыз. Үстелге тарту алдында тұшпараға туралған жасыл шөптерді себіңіз.</p>	
3-9	Қарақұмық	250 г	100 г қарақұмық дәндері, 220 мл су, ақжелкеннің бірнеше талы, дәміне қарай тұз
		<p>Нұсқаулар Дәндерді шұңғыл шараға салыңыз. Тұз бен судан қосыңыз. Қақтағын жауып, микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал естілгенде шығарыңыз және араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Ақжелкенді тураңыз. Пісіріп болғаннан кейін туралған шөптерді және көкөністерді қосып араластырыңыз. Үстелге тарту алдында 2-3 минут қоя тұрыңыз.</p>	

4. Сусындар

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4-1	Лимон және жалбыз қосылған шай	1 порция	200 мл су, ½ ас қасық қара шай, лимон тілімі, бірнеше жалбыз жапырағы
		<p>Нұсқаулар Қара шайды кесеге салып, жалбыз бен лимонды қосыңыз. Су құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Қайнағаннан кейін сүзіңіз. Дәміне қарай қант қосыңыз.</p>	
4-2	Ыстық шарап (Глентвейн)	1 порция	150 мл құрғақ қызыл шарап, 1 апельсин тілімі, 1 лимон тілімі, 1 алма тілімі, 10 г қант, 1 қалампыр таяқшасы, 5 қалампыр дәні
		<p>Нұсқаулар Апельсинді, лимонды және алманы үлкен кесеге салып, дәмқабық, қалампыр және қант қосыңыз. Шарапқа салып, мұқият араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін глентвейнді алып, шарап ыдыстарына абайлап құйыңыз.</p>	
4-3	Дәмқабық және бал қосылған шай	1 порция	200 мл су, ½ ас қасық дәмқабық, 1 ас қасық бал
		<p>Нұсқаулар Дәмқабықты суға қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салыңыз. СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін орташа температурада салқындатыңыз. Бал қосыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4-4	Сүт және кардамон (масала) қосылған шай	1 порция	1 шай қасық қара шай, 100 мл сүт, 100 мл су, 5 г зімбір, 4 пакет кардамон, 4 қалампыр дәні, 1 шай қасық қант
		<p>Нұсқаулар Су мен сүтті араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Сигнал естілген кезде қара шайды, тілімдеп туралған зімбірді, дәмдеуіштерді және қантты қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, қайтадан СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Қайнатып болғаннан кейін кесеге сүзіңіз.</p>	
4-5	Жидек сусыны	1 порция	200 мл су, 1 ас қасық жас жидектер, дәміне қарай қант
		<p>Нұсқаулар Жидектерді үлкен кесеге салып, су құйыңыз. Дәміне қарай қант қосыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	
4-6	Имбирь және лимон қосылған шай	1 порция	200 мл су, 1 ас қасық қара шай, 1 лимон тілімі, 5 г зімбір, дәміне қарай қант
		<p>Нұсқаулар Қара шайды, лимон тілімін және зімбір тілімдерін үлкен кесеге салыңыз. Су құйыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Дайындап болғаннан кейін үстелге тарту алдында 5 минут қоя тұрыңыз. Кесеге сүзіңіз.</p>	
4-7	Какао	1 порция	200 мл сүт, 2 шай қасық қант, 1 шай қасық какао ұнтағы
		<p>Нұсқаулар Сүтті үлкен кесеге құйыңыз. Какао мен қантты қосыңыз да, араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз.</p>	

Код	Тағам	Үстелге тарту мөлшері	Құраластар
4-8	Ыстық шоколад	1 порция	100 г ащы шоколад, 250 мл сүт, 2 ас қасық су, дәміне қарай қант
		<p>Нұсқаулар Шоколадты сындырып, үлкен шараға салыңыз. Сүт пен суды қосыңыз және араластырыңыз. Оларды микротолқынды пешке салып, СТАРТ/+30СЕК (БАСТАУ/+30с) түймесін басыңыз. Дайындап болғаннан кейін үстелге тарту алдында 1 минут қоя тұрыңыз. Дәміне қарай қант қосыңыз.</p>	
4-9	Мүжикідектен жасалған морс	1 порция	Мұздатылған мүжикідек – 50 г, қант – 35 г, су – 200 мл
